

## 2010 жылға арналған бір жолғы талондар құнын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 30 наурыздағы N 170 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 04 мамырда N 10-5-133 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 229 Шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2010.12.22 N 229 Шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға арналған бір жолғы талондар құны N 1, N 2 қосымшаларда көрсетілген мөлшерде белгіленсін.

2. Қармақшы аудандық мәслихатының 24 желтоқсан 2008 жылғы "2009 жылға арналған базарларда тауарларды сату, қызметтер көрсету және кәсіпкерлікпен дүркін - дүркін сипатта айналысушы тұлғалардың бір жолғы талондар құнын белгілеу туралы" N 88 санды шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 6 қаңтарында 10-5-102 болып тіркелген, "Қармақшы таңы" газетінің 2009 жылғы 24 қаңтардағы N 8-9 санды шығарылымында жарияланған) шешімінің күші жойылып, 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 148 шешімі жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың  
кезекті 24 -сессия төрағасы **Ә.Дәуленбаев**

Аудандық мәслихат хатшысы **М.Ерманов**

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы  
30 наурыздағы кезекті  
24-сессиясының N 170 шешіміне  
N 1 қосымша

**Базарларда тауарларын / мүлкін / өткізетін, сататын бір жолғы талон негізінде айналысатын жеке тұлғалардың бір күнгі сатушылық қызметінің талон құны**

P/c	Базардың саудашылық қызмет түрі	3-санат	Бір жолғы талон құны тенге
1	Азық-түлік саудасы		
	- жүк автокөліктен сату		500
	- жеңіл автокөліктен сату		200
	- сөреден сату		70
	- қолдан сату		50
2	Өндірістік / киім / канцелярлық, шаруашылық таурлар саудасы		
	- сөреден сату		80
	- қолдан сату		60
3	Кілем, палас бұйымдарын сату		120
4	Балмұздақ сату		120
5	Кәуап		120
6	Сусындар сату		50
7	Нан-кондитер өнімдерін сату		30
8	Күнбағыс дақылдары, темекі өнімдері		20
9	Ет, ет өнімдерін сөреден сату		200
10	Сүт, сүт өнімдерін сату		30
11	Көкөніс өнімдерін / салат / сату		50
12	Етік, сағат жөндеу қызметі		60
13	Ірі қара малын сату / 1 бас /		200
14	Уақ малы / 1 бас /		80
15	Жем-шөпті,табиғи отындарды /жынғыл/ жүк машиналарынан сату		500
16	Күріш, бидай ұн өнімдерін сату		120
17	Аудио-бейне кассета сату, жалға/прокат/ беру		50
18	Көкөніс - жемістер сату		50
19	Арбамен отын сату		50
20	Қолдан жасалған ұй жихаздарын сату		70
21	Жұлдызнамаларды және бал ашуларды құрау жөніндегі қызмет көрсетулер		50
22	Халық тұтынатын тауарларды жәрменке және көрмелерде сату		50

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы  
 30 наурыздағы кезекті  
 24-сессиясының N 170 шешіміне  
 N 2 қосымша

## Қармақшы ауданы бойынша жеке тұлғалардың бір жолғы талон құны

P/c	Бір жолғы талон негізінде кәсіпкерліктің тізбесі	3-санат	құны
	Сату /тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы/		
1	Газеттер мен журналдар		40
2	Тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары /тікпе көшет, көшет/		50
3	Бақша дақылдары		50
4	Саяжай және үй жанында өсірілген табиғи гүлдер		80
5	Үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері		50
6	Жануарлар мен құстарға арналған дайын жемшөп		80
7	Сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақтар және балық.		40
8	Жер учаскелерін өндеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері		200
9	Үй жануарлары мен құстарды бағу		60

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК